

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Риддер қаласында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 174 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 357 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 маусымда № 7238 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 20 мамырдағы № 19 ұсынысының негізінде, Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Нурсеитов, Радищев, Загородная, Татарская көшелерінің, Загородный тұйық көшесінің аумағында ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін ірі қара малдың бруцеллез ошақтарының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Риддер қаласында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 174 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6770 тіркелген, 2020 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Риддер қаласының әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Риддер қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Риддер қаласы әкімінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК